

**Облыс әкімиятының 2002 жылғы 20 наурыздағы N 131 "Облысты 2002 жылғы көктемгі су тасқынынан қорғау жөніндегі шараларды іске асыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Атырау облыстық әкімияттың қаулысы 2002 жылғы 23 сәуірдегі N№152. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 24 мамырда N 979 тіркелді.

Бюджеттік бағдарлама әкімгерлерінің өзгеруіне байланысты және Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының Z010148\_ 27-бабын басшылыққа ала отырып, облыс әкімшілігі қаулы етеді:

1. Облыс әкімиятының 2002 жылғы 20 наурыздағы N 131 "Облысты 2002 жылғы көктемгі су тасқынынан қорғау жөніндегі шараларды іске асыру туралы" қаулысының N 4-қосымшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын (тіркеледі).

2. Облыс әкімиятының 2002 жылғы 20 наурыздағы 131 "Облысты 2002 жылғы су тасқынынан қорғау жөніндегі шараларды іске асыру туралы" қаулысының 11-тармағы күшін жойды деп есептелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Ишановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімшілігінің  
2002 жылғы 23 сәуірдегі N 152

қаулысына қосымша

2002 жылы су тасқынына қарсы шараларды  
өткізуге қажетті қаражат

N	Атауы	Қаражат (млн. теңге)
1.	Атырау қаласы (су тасқынына қарсы жұмыстарына)	25,0
2.	Жылыой ауданы (су тасқынына қарсы жұмыстарына)	6,8
3.	Махамбет ауданы (су тасқынына қарсы жұмыстарына)	5,4
4.	Индер ауданы (су тасқынына қарсы жұмыстарына)	1,3
5.	Коммуналдық меншік, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы департаментіне (су тасқыны кезінде жолдармен үзіліссіз көліктердің жүруін, гидробекеттердің үзіліссіз жұмыс жасауын қамтамасыз етуге және су тасқыны болатын елді-мекендерді тікұшақпен айналып ұшып өтуге	13,98
	Барлық қажетті қаражат көлемі	52,48

(Маман: Ержанова К.С.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ